

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 мамыр N 613

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі

Z952235_

Заңына

(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195-205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4,

45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж., N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат, 2001 жылғы 30 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Z010147_ Заңы):

57-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) инфрақұрылым, әкімшілік және тұрғын үй кешендері объектілерін салу мақсаттары үшін "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі а й н а л ы м д а р .

Осы тармақшада көзделген жеңілдіктер заңды тұлғаларға, сондай-ақ Астана қаласының аумағында тіркелген тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге және Астана қаласында тұрақты тұратын орны бар заңды тұлғаларды құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қ о л д а н ы л а д ы . " ;

58-баптың 2-тармағының 2)-4) тармақшаларында және 3-тармағында "экспорт режимінде" деген сөздерден кейін "немесе еркін кеден аймағы режимдерінде" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:

"60-1-бап. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында с а т ы л а т ы н т а у а р л а р ғ а с а л ы қ с а л у

1. Жобалау-смета құжаттамаларына сәйкес "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында инфрақұрылым, әкімшілік және тұрғын үй кешендері объектілерін салу және іске қосу процесінде толығымен қолданылатын тауарлар мен жабдықтарды сатуға нөлдік ставка бойынша қосылған құнға салынатын с а л ы қ с а л ы н а д ы .

2. Осы бапқа сәйкес қосылған құнға салынатын салық бойынша нөлдік ставканы қ о л д а н у ү ш і н :

1) инфрақұрылым, әкімшілік және тұрғын үй кешендері объектілерін салуды жүзеге асыратын, осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен жасалған тауарларды беруге арналған шарт (келісім-шарт);

2) еркін кеден аймағының кеден режимінде тауарлар өткізуді жүзеге асыратын кеден органы ресімдеген жүк кеден декларациясының көшірмесі;

3) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тауарлардың жөнелтілгенін растайтын тауарлық ілеспе құжаттар;

4) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады.

123-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) инфрақұрылым және әкімшілік кешені объектілерін салу жүзеге асырылған немесе салынған "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында ж а т қ а н . " ;

132-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың үйлер мен ғимараттарының қалдық сомасы мүлікке салық салу объектісі б о л ы п т а б ы л м а й д ы . " ;

2) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 357-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат, 142-құжат; N 10, 244-құжат, 2000 жылғы 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 қарашадағы N 98-II Z000098_ Заңы):

71-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы еркін кеден аймағының кеден режимі - бұл осы Заңда және Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен акциздер салынатын, арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын импортталатын тауарлардан акциз алуды қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінде анықталған шарттарда қолданылатын кеден режимі.";

73-1-бап үшінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңмен арнайы экономикалық аймақтың аумағында еркін кеден аймағының кеден режимімен тауарларды орналастыруға қатысты өзге де ережелер белгіленуі м ү м к і н . " .

мынадай мазмұндағы 82-1-баппен толықтырылсын:

"82-1-бап. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында кедендік реттеудің ерекшеліктері

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында осы Заңның 71-бабының екінші бөлігінде көрсетілген шарттарда қолданылатын еркін кеден аймағының кеден режимімен мыналарды:

құрылысқа арналған машиналарды және жабдықтарды;
арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы құрылыстарда толығымен п а й д а л а н ы л а т ы н т а у а р л а р д ы ;

жобалау-смета құжаттамаларына сәйкес объектілерді салуға және пайдалануға беруге қажетті тауарлар мен жабдықтарды орналастыруға рұқсат етіледі.

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 жылғы 29 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 желтоқсандағы Z980334_ Заңы; 1999 жылғы 1 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 31 наурыздағы Z990354_ Заңы):

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастар

Осы Жарлық Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық аймақтарды құрудың, олардың жұмыс істеуінің және таратылуының жалпы құқықтық негіздерін белгілейді.";

4-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Арнайы экономикалық аймақты басқару

Арнайы экономикалық аймақты басқаруды аумағында арнайы экономикалық аймақ орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.";

8, 9-баптар және 11-баптың 2-тармағы алынып тасталсын;

12-бапта:

екінші бөлік алынып тасталсын;

үшінші бөлікте "Аталған тауарлар мен жабдықтарды" деген сөздер

"Тауарларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

13-бап алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заңның 1-бабы 1) тармақшасының бесінші абзацын қоспағанда, осы Заңның 1-бабының 1) және 2) тармақшалары "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімі ішінде қолданылады, бірақ бес жылдан аспайды.

3-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК